

**Жолаушылар мен жүктөрді халықаралық автомобильмен тасымалдау туралы  
конвенцияны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 22 ақпан N 38-II

Бішкекте 1997 жылғы 9 қазанда жасалған Жолаушылар мен жүктөрді халықаралық автомобильмен тасымалдау туралы конвенция бекітілсін.

**Қазақстан Республикасының**

*Президенті*

**Жолаушылар мен жүктөрді халықаралық автомобильмен  
тасымалдау туралы  
КОНВЕНЦИЯ**

*Қол қойғандар:*

*Эзіrbайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қыргыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Украина*

*Ратификациялық грамоталарды тапсырды:*

- |                               |   |
|-------------------------------|---|
| <i>Өзбекстан Республикасы</i> | - 1998 жылғы 20 ақпанда депонирленген;    |
| <i>Беларусь Республикасы</i>  | - 1998 жылғы 26 маусымда депонирленген;   |
| <i>Украина</i>                | - 1999 жылғы 14 қыркүйекте депонирленген; |
| <i>Қыргыз Республикасы</i>    | - 2000 жылғы 13 сәуірде депонирленген;    |
| <i>Армения Республикасы</i>   | - 2000 жылғы 11 мамырда депонирленген;    |
| <i>Қазақстан Республикасы</i> | - 2000 жылғы 12 маусымда депонирленген;   |
| <i>Тәжікстан Республикасы</i> | - 2000 жылғы 27 шілдеде депонирленген;    |
| <i>Молдова Республикасы</i>   | - 2003 жылғы 25 маусымда депонирленген.   |

*Конвенция 1999 жылғы 14 қыркүйекте күшіне енді*

*Келесі мемлекеттер үшін күшіне енді:*

- |                               |                             |
|-------------------------------|-----------------------------|
| <i>Өзбекстан Республикасы</i> | - 1999 жылғы 14 қыркүйекте; |
| <i>Беларусь Республикасы</i>  | - 1999 жылғы 14 қыркүйекте; |
| <i>Украина</i>                | - 1999 жылғы 14 қыркүйекте; |
| <i>Қыргыз Республикасы</i>    | - 2000 жылғы 13 сәуірде;    |
| <i>Армения Республикасы</i>   | - 2000 жылғы 11 мамырда;    |

*Қазақстан Республикасы - 2000 жылғы 12 маусымда;  
Тәжікстан Республикасы - 2000 жылғы 27 шілдеде;  
Молдова Республикасы - 2003 жылғы 25 маусымда.*

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын үкіметтер тұлғасындағы осы Конвенцияға қатысушы - мемлекеттер,

жолаушылар мен жүктөрді халықаралық автомобильмен тасымалдау саласында келісілген іс-әрекеттердің қажеттілігіне сүйене отырып, төмендегілерге келісті:

## I тарап

### **Жалпы ережелер**

#### **1-бап**

1. Осы Конвенция жолаушылар мен жүктөрді тасымалдауды олардың тіркелген еліне байланыссыз халықаралық қатынастағы автобустармен орындайтын Тараптардың тасымалдаушыларына, сондай-ақ келісім-шартта тасымалдау кемінде екі Тараптың аумақтары бойынша және шығу мекені немесе бару мекені Тараптардың бірінің аумағында болғанда жүзеге асырылатындығы тасымалдау келісім-шартында жолаушыларды және олардың жүктөрін автобустармен тасымалдау атап көрсетілген жағдайда тарапады және олар үшін міндетті болып табылады.

2. Конвенция тасымалдаудың тәртібі мен ережелерін, тасымалдаушылардың жауапкершілігін, талаптар мен ізденулер ұсынудың тәртібін реттейді.

3. Конвенцияда қолданылатын терминдердің мағыналары мынадай:

а) "жолаушы" - тасымалдаушымен өзі немесе оның атынан жасалған тасымалдау келісім-шартын орындау мақсатында ақы үшін немесе тегін тасымалданатын жеке тұлға;

ә) "тасымалдаушы" - жолаушыларды және жүктөрді халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын және мекеннің мемлекеттік занына сәйкес кәсіпкерлік қызметтің субъектісі ретінде тіркелген занды немесе жеке тұлға;

б) "автобус" - жолаушылар мен жүктөрді тасымалдауға арналған, жүргізушінің орнын санамағанда кемінде 7 отыру орны бар автомобиль;

в) "билет" - жолаушының автобусты пайдалануға құқығын куәландыратын және тасымалдаушы мен жолаушы арасында келісім-шарт жасалғандығын растайтын құжат;

г) "жүк" - көлікпен жөнелтуге оралған (қапталған) және жолаушыдан бөлек тасылатын салмақты зат;

д) "жүк түбіртегі" - жүктің тасымалдауға қабылданғанын растайтын құжат.

## II тарап

### **Тасымалдау шарттары**

#### **2-бап**

1. Тасымалдауды ұйымдастыру және оларды жүзеге асыруға құқық алуды қоса жолаушылар мен жүктөрді халықаралық автомобильмен тасымалдаудың жалпы

шарттары, сақтандыру тәртібі, бақылаудың шекаралық, кедендік, санитарлық және басқа да түрлері мұнадай құжаттармен реттеледі:  
көпжақты конвенциялармен және келісімдермен;  
халықаралық автомобильдік қатынас туралы үкіметаралық екіжақты келісімдермен;

### Тараптардың ұлттық заңдарымен.

2. Билеттің, жүк түбіртегінің және парағының нысаны тасымалдаушының автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік құзыретті органдары бекітеді және аумағында тасымалдау жүзеге асырылатын басқа мемлекеттердің көлік саласындағы мемлекеттік құзыретті органдары таниды.

Автомобильдік көлік саласындағы мемлекеттік құзыретті органдар парағының аумағында тасымалдау жүзеге асырылатын мемлекеттердің көлігі саласындағы мемлекеттік құзыретті органдары бекітетін бірыңғай билеттердің, жүк түбіртектерінің және параптерының нысандарын жасайды.

### **3-бап**

Халықаралық қатынастағы жолаушылар мен жүктөрді тасымалдауды жеке, ұжымдық, мемлекеттік немесе аралас меншік құқығындағы субъектілер болып табылатын тасымалдаушылар автобусы тіркелген мемлекетте берілген тиісті лицензиясы бар болғанда орынданай алады.

Тараптар құзыретті органдарға лицензияларды өзара тану туралы құжаттың жобасын дайындауды тапсырады.

### **4-бап**

Тасымалдаушы жолаушылар мен жүктөрді халықаралық тасымалдауда аумағында тасымалдау жүзеге асырылатын ол мемлекеттің жол қозғалысы, табиғатын қорғау саласындағы заңын басшылыққа алады.

### **5-бап**

Жолаушылар мен жүктөрді халықаралық тасымалдаудың ұйымдастыру және бақылау тәртібі осы Конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің халықаралық қатынастағы автомобиль көлігімен жолаушыларды және жүктөрді тасымалдау ережелерімен (бұдан әрі - Жолаушыларды тасымалдау ережелері), оның 17-бабының ережелерін ескере отырып айқындалады.

## **I I I т а р а у**

### **Тасымалдаушылардың жауапкершілігі**

#### **6-бап**

Халықаралық тасымалдаулардағы тасымалдаушылардың жауапкершілігі, сондай-ақ талаптар мен ізденулерді ұсыну тәртібі осы Конвенциямен, халықаралық автомобильдік қатынас туралы екіжақты келісімдермен, сондай-ақ Тараптардың ұлттық Заңдарымен реттеледі.

## **7-бап**

1. Тасымалдаушы жолаушының денсаулығына келтірген зиян немесе тасымалдау кезіндегі залалы үшін мынадай жағдайларда жауапкершілік алады:

өліміне байланысты, оқиғаның болған жері мен уақытына байланыссыз (тасымалдау, отырғызу, тұсіру немесе жүкті тиеу, тұсіру кезінде) жолаушының денсаулығына тигізген тән зақымдары және басқа да кез-келген зияндарына байланысты;

жүктің толық және бөлігінің жоғалуы немесе оның зақымдалуы.

Тасымалдаушы жүк үшін оны тасымалдауға алған сәттен оны жеткізуге дейін немесе Жолаушыларды тасымалдау ережелері қарастырған тәртіппен сактауға өткізуге жауапкершілік алады.

2. Тасымалдаушы өз іс-әрекеті үшін, сондай-ақ тасымалдау келісім-шарты бойынша оған жүктелген міндеттерін орындау үшін қызмет көрсетулеріне жүгінген басқа тұлғалардың іс-әрекеттеріне де ол тұлғалар өз міндеттері аясында іс-қимыл жасаған жағдайда жауапкершілік алады.

## **8-бап**

1. Егер оқиғаның себебін тасымалдаушы болжай алмаған болса және қабылдаған шараларға қарамастан құтыла алмаған болса, сондай-ақ егер зиян немесе залал тез бүлінетін немесе тыйым салынған заттар, жабдықтар немесе құралдары бар жүктің ақауына байланысты туындаса, тасымалдаушы жолаушыға келтірілген зиян немесе жүкке жасалған залал үшін жауапкершіліктен босатылады.

2. Тасымалдаушы өзін жауапкершіліктен босату үшін жүргізушінің дене немесе жүйке жетімсіздіктерін, сондай-ақ автобустың жөнделмелегендігін сылтау ете алмайды.

## **9-бап**

Тасымалдаушының бір оқиғага байланысты төлеуге тиіс зиян мен залалдың орнын толтыруының жалпы сомасын Тараптардың ұлттық зандарына сәйкес соттар айқындейды.

## **10-бап**

1. Егер зиян немесе залал жолаушының кінәсінен болса, тасымалдаушы жауапкершіліктен толық немесе жарым-жартылай босатылады.

2. Егер зиян немесе залал үшінші тұлғаның кемшілігінен жасалған болса, онда тасымалдаушы барлық зиян мен залал үшін жауап береді. Сонымен қатар, осы Конвенцияның 8-бабында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғага іздену талаптарын ұсыну құқығы өзінде қалады.

## **11-бап**

Егер зиян мен залал жолаушыға, жүкке немесе мүлікке аумағында тасымалдау жүзеге асырылған мемлекеттің Жол қозғалыстары ережесін бұзы немесе Жолаушыларды тасымалдау ережелерін бұзы нәтижесінде келтірілген болса, оның

жауапкершілігін толық немесе жарым-жартылай шығаратын осы Конвенцияның ережелеріне сүйенуге тасымалдаушы құқылы емес. Бұл Осы Конвенцияның 7-бабына сәйкес іс-қимылы үшін тасымалдаушы жауап беретін тұлғаға да қатысты.

### **12-бап**

Осы Конвенцияда атап өтілген зиян немесе залал аумағында келтірілген мемлекеттің ұлттық валютасымен есептеледі.

## **I V т а р а у**

### **Арыздар мен талаптар**

#### **13-бап**

1. Жолаушының тасымалдаушыға жолаушы мен жүктің жету нүктесіне келген күнінен бастап жеті күн ішінде арыз етуге құқығы бар.
2. Жолаушының ауырған жағдайында, денсаулығына байланысты арыз ете алмаған кезде, бұл мерзім ол жолаушы жазылғанынша созылуы мүмкін.

#### **14-бап**

1. Жолаушы мен жүкті халықаралық тасымалдауға байланысты туындайтын барлық даулы мәселелер бойынша жолаушы құқықтық көмек және азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы 1999 жылғы 22 қаңтардағы Конвенцияның 20-бабына сәйкес жолаушы аумағында болған оқиға зиян мен залалға душар қылған мемлекеттің сотына немесе тасымалдаушы мен жолаушының орналасқан занды мекен-жайына, сондай-ақ жолаушыны жөнелту немесе келу нүктесіне арыздануға құқылыш .

2. Сот Тараптардың азаматтарынан тасымалдауға қатысты арыздануға байланысты Осы Конвенцияның іс-әрекетіне жататын сот шығындарын қамтамасыз етуге қарыздық кепілді талап етуге құқықсыз.

#### **15-бап**

1. Жолаушының денсаулығына келтірілген зиянға байланысты арыздануға құқық үш жыл бойы сақталады .

Ұзақтық мерзімі тұлғаның тиген зиянды білген күннен бастап немесе білуге тиіс күннен бастап есептеледі .

2. Жүктің толық немесе жарым-жартылай жоғалуына немесе оның зақымдануына байланысты арыздану құқығы бір жыл бойы сақталады .

Ұзақтық мерзімі көлік Құралының жолаушының жету нүктесіне келу күнінен бастап есептеледі немесе келмеген жағдайда оның онда келуге тиіс күннен бастап есептеледі .

3. Арыздың жазбаша берілуі ұзақтық мерзімін тасымалдаушы арыздың қанағаттандырылмайтыны туралы оған тиісті құжаттарды қоса тіркең, жазбаша күйде құлақтандырған күнге дейін тоқтата тұрады. Жасалған арызды жарым-жартылай мойындаған жағдайда ұзақтық мерзімі арыздың даулы тұсы болып табылатын бөлігіне қатысты ғана қайтадан басталады. Арызда көрсетілген фактілердің дәлелдемесіне

немесе оған жауапқа, сондай-ақ іске қатысты құжаттарды қайтаруға байланысты шығындарды осы фактілерге сілтеме жасайтын Тарап көтереді. Әрі қарай осы мәселе бойынша арыздар жасау тасымалдаушы оларды қарауға келіспесе, ұзақтық мерзімін үзбейді.

### **16-бап**

1. Осы Конвенцияның ережелерінен тікелей немесе жанама шегінуге жол беретін тасымалдау келісім-шартының шарты күші жоқ деп танылады. Мұндай шарттың жарамсыздығы өзінен кейінгі тасымалдау келісім-шартының басқа шарттарының жарамсыздығына әкеліп соқпайды.

2. Тасымалдаушыға сақтандыру келісім-шартымен берілетін құқыққа сәйкес кез-келген шарт жарамсыз болып табылады.

## **V т а р а у**

### **Қорытынды ережелер**

#### **17-бап**

Осы Конвенция Тараптардың қатысуышы болып табылатын басқа халықаралық келісім-шарттардың ережелерін қозғамайды.

#### **18-бап**

Осы Конвенцияға Тараптардың жалпы келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### **19-бап**

Осы Конвенцияны пайдалануға немесе түсінік беруге байланысты даулы мәселелер қызығушы Тараптардың кенес беруі немесе келіссөздер жүргізуі жолымен шешіледі.

#### **20-бап**

Осы Конвенция оның мақсаттары мен қағидаларын қуаттайтын мемлекеттердің оған қосылуына мұндай қосылу туралы құжаттарын кепіл қағаздарына беру жолымен жасауға ашық. Оны кешірек бекітken тараптар үшін ол өзінің бекіту грамоталарын сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

#### **21-бап**

Осы Конвенция оған қол қойған Тараптармен олардың мемлекетішілік рәсімдеріне сәйкес бекітуге жатады және үшінші бекіту грамотасын депозитарийге тапсырғаннан кейін күшіне енеді. Оны кейінрек бекітken Тараптар үшін олар өздерінің бекіту грамоталарын депозитарийге сақтауға тапсырған күні күшіне енеді.

#### **22-бап**

Осы Конвенция күшіне енген күннен бастап бес жыл ішінде жүреді.

Осы мерзім өткеннен кейін, егер Тараптар басқалай шешім қабылдамаса, Конвенция әрдайым бес жылдық мерзімге автоматты түрде ұзартылып отырады.

#### **23-бап**

Әр Тарап осы Конвенциядан шыққанға дейін алты ай бүрын кепілшіге жазбаша құлақтандыру жолдаш шыға алады.

1997 жылғы 9 қазанда Бішкек қаласында бір тұпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Тұпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару Хатшылығында сақталады, ол осы Конвенцияға қол қойған әр мемлекетке оның расталған көшірмесін жолдайды.

Әзірбайжан

Республикасының

Үкіметі үшін

Армения

Республикасының

Үкіметі үшін

Беларусь

Республикасының

Үкіметі үшін

Қазақстан

Республикасының

Үкіметі үшін

Қыргыз Республикасының

Үкіметі үшін

Жолаушылар мен багажды  
халықаралық автомобилмен  
тасымалдау туралы конвенцияға  
қосымша

Үкіметі үшін

Молдова

Республикасының

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Тәжікстан

Республикасының

Үкіметі үшін

Өзбекстан

Республикасының

Үкіметі үшін

Украина Үкіметі үшін

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы  
мемлекеттердің халықаралық қатынасында автомобиль  
көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау  
ЕРЕЖЕЛЕРИ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің халықаралық қатынасында автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау ережелері ( бұдан әрі - Жолаушыларды тасымалдау ережелері) Жолаушылар мен багажды халықаралық автомобильмен тасымалдау туралы конвенцияға сәйкес әзірленген, тұрақты және оқтын-оқтын халықаралық автобус қатынасында жолаушылар мен багажды тасымалдау үдерісін реттейді.

2. Осы Жолаушыларды тасымалдау ережелері Тараптардың жолаушыларына және тасымалдаушыларына таралады және олар үшін міндетті күші болады.

3. Осы Жолаушыларды тасымалдау ережелері тасымалдау үдерісін ұйымдастыру және бақылау жүйесін, сондай-ақ тасымалдаушылар мен жолаушылардың құқықтары мен міндеттерін көздейді.

4. Жолаушылар мен багажды автобустармен халықаралық тұрақты қатынаста тасымалдауды ұйымдастырудың негізі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің тасымалдаушылары арасында жасалатын жолаушылар мен багажды тұрақты халықаралық тасымалдау жөніндегі бірлескен қызмет туралы шарт (бұдан әрі - Бірлескен қызмет туралы шарт) болып табылады, Достастық мемлекеттерінің тиісті құзыретті көлік органдарымен алдын ала келісілген тарифтерді және қозғалыс кестесін анықтайды.

5. Жолаушыларды тасымалдау ережелеріндегі терминдердің мағынасы:

"автовокзал" - елді мекендерде жолаушыларға қызмет көрсетілуін қамтамасыз ететін ғимараттар кешені және оған: 75 адамнан артық сиятын күту залы мен билет кассалары бар ғимарат; жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған перрон; автобустардың тұруына арналған аландар, автобусты тазалауға және қарауға арналған бекеттер кіреді;

"автостанция" - елді мекендерде жолаушыларға қызмет көрсетілуін қамтамасыз ететін ғимараттар кешені және оған: 75 адамнан артық сиятын күту залы мен билет кассалары бар ғимарат; жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған перрон; автобустардың тұруына арналған аландар кіреді;

"қол жүгі" - салмағы 20 кг аспайтын және көлемі 600x400x200 мм аспайтын, жолаушы ақысыз тасымалдайтын жолаушының заттары;

"жүргізуші" - автокөлік құралын басқаратын немесе тасымалдаушының атынан және тапсырмасы бойынша автомобильді басқару және жүк алушыларға, жүк жөнелтушілерге немесе жолаушыларға қызмет көрсету функциялары жүктелген жеке тұлға;

"тасымалдау шарты" - тасымалдаушы мен жолаушы арасында жасалатын көлік қызметін көрсету туралы келісім;

"бағыт" - автокөлік құралының анықталған мекендер арасында белгіленген журу жолы;

"маятниктік тасымалдау" - белгіленген мерзімде бір мемлекеттің аумағынан екінші мемлекеттің аумағына уақытша болу орнына осы топты осы тасымалдаушының автобустарымен бірінші шыққан мемлекеттіне кейіннен алып келумен жүзеге асырылатын жолаушылар тобын тасымалдау;

"оқтын-оқтын тасымалдау" - жүзеге асыру шарттары әрбір жағдайда тапсырыс беруші мен тасымалдаушының арасындағы келісім бойынша анықталатын тасымалдау;

"тұрақты тасымалдау" - жолаушылар мен багажды тасымалдау шарты, тарифтер және жолаушыларды отырғызу және түсіруге арналған аялдама мекендері көрсетілген бағыт бойынша автобустар қозғалысының кестесі анықталған тасымалдау шарты бойынша тасымалдау;

"қозғалыс кестесі" - рейстің орындалу уақыты, орны және кезектілігі туралы мәліметтер бар кесте;

"рейс" - автобустың бағыттың бастапқы және соңғы мекеніне дейінгі жолы;

"рұқсат беру жүйесі" - мемлекетаралық автобус тасымалдарын орындауды қамтамасыз ететін нормативтік, технологиялық құжаттардың жиынтығы;

"бағыттар сызбасы (бағыттар)" - бағыттардың шартты белгілері мен графикалық суреттемесі;

"тариф" - жолаушылар мен багажды тасымалдау төлемінің қашықтық немесе уақыт бірлігіне белгіленген шамасы;

"траfareт" - жолаушыларға арналған автобустардың бағыты мен жұмыс тәртібі туралы ақпараты бар көрсеткіш;

"формуляр (жол парапы)" - тасымалдау түрін анықтайтын және сапар бағытының сипаты мен жолаушылардың тізімі бар құжат;

"құзыретті көлік органы" - тасымалдаушыға келісілген бағыт бойынша автомобильмен халықаралық жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыру құқығына рұқсат беретін мемлекеттің көлік органы;

"лицензия" - Таратың уәкілетті мемлекеттік органы беретін автомобильмен халықаралық қатынаста жолаушылар тасымалын белгіленген мерзім ішінде жүзеге асыру құқығын куәландыратын құжат.

## **II. Жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру**

6. Автомобиль көлігімен жолаушыларды халықаралық тасымалдауды орындауға арналған лицензияларды беру, мерзімін ұзарту және күшін жою автобус тіркелген мемлекеттің қолданылатын зандарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Мыналарды тасымалдауға болмайды:

багажда және қол жүгінде жарылғыш, уландыратын, тез жанатын, радиоактивті, химиялық, токсикалық, озон қабатын бұзатын, олар құрамында бар заттар мен бұйымдарды, есірткі, психотроптық және сасық заттарды;

жылжымалы құрамды, жолаушылардың киімін, сақтау камераларын және сондағы заттарды ластинын багажды;

осы Жолаушыларды тасымалдау ережелерінде белгіленген мөлшер мен салмақ нормаларынан асатын багаж, сондай-ақ аумағында тасымалдау орындалатын мемлекеттің зандарына сәйкес тасымалдауға тыйым салынған заттарды.

8. Халықаралық қатынаста тұрақты жолаушылар тасымалдары бағытын ашу үшін тасымалдаушыға мыналарды орындау қажет:

бағыт өтетін басқа мемлекеттегі әріптесімен бағыт ашу туралы ниетін келісу;

өз мемлекетінің құзыретті көлік органына мынадай құжаттарды қоса тапсырыс жолдау: Бірлескен қызмет туралы шарт, халықаралық қатынаста жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның көшірмесі, сондай-ақ кәсіпорынның деректерімен бірге тіркелуі туралы күелік, бағыттағы қозғалыс кестесі,

шекара өткелдері, тасымалдау тарифтері, бағыттағы жүргізушілердің еңбек және демалыс режимі көрсетілген бағыт сызбасы.

Тапсырыс берілген мемлекеттің құзыретті көлік органы аумағы арқылы бағыт өтетін мемлекеттің құзыретті көлік органына рұқсат алу туралы өтінішті, жоғарыда көрсетілген құжаттарды қоса беріп, бағытты ашуға тапсырысты жолдайды.

Тапсырыс берілген мемлекеттің құзыретті көлік органы аумақтары арқылы бағыт өтетін мемлекеттерден рұқсаттар алғаннан кейін осы рұқсаттарды тасымалдаушыға б е р е д і .

Тасымалдаушы бағыт сызбасын ресімдейді және аумағы арқылы бағыт өтетін мемлекеттің құзыретті көлік органына келісуге жібереді.

Бағытты, аялдамаларды, қозғалыс кестесін өзгерту, сондай-ақ бағытты жабу аумағы арқылы бағыт өтетін мемлекеттердің құзыретті көлік органдарымен алдын ала келіскеннен кейін жүргізіледі.

9. Құзыретті көлік органдары Достастық мемлекеттерінің құзыретті органдарымен тұрақты қатынастағы автобустардың шекарадан өту уақытын келіседі және кезектен тыс шекарадан өтуге арналған рұқсатнама береді.

10. Тұрақты қатынаста жолаушыларды халықаралық тасымалдауға арналған автобустар бағыттың бастапқы және соңғы мекендері көрсетілген алдынан және жанынан трафареттермен жабдықталады.

11. Халықаралық қатынастағы автобустардың шығуы мен келуі автовокзалдан (автостанциядан) жүзеге асырылады.

Автовокзалдарда (автостанцияларда) тасымалдау ережелері, автобус қозғалысының кестесі, жолаушылардың жүру және багажды тасымалдау құны мен шарттары, автовокзал қызмет көрсетулері туралы, басқа көлік құралдарының жұмысы туралы ақпарат беріледі.

12. Тасымалдау тарифтері тасымалдаушылармен келіследі.

13. Билетте мынадай негізгі мәліметтер болуы тиіс:

шығу және бару автовокзалының (автостанциясының) атауы;

билеттің нөмірі (типография тәсілімен белгіленген);

ж о л а қ ы с ы ;

б и л е т т і ң б е р і л г е н у а қ ы т ы ;

ш ы ғ у к ү n i м е н у а қ ы т ы ;

о т ы р у о р ы н д а р ы н ы ң н ө м і р л е р і ;

б и л е т б е р і л г е н о р ы н ;

р е й с н ө м і р і .

Билеттің сатылғаны билетті есепке алу парағында белгіленеді.

14. Жол жүру билеттерін алдын ала сату, багажды тасымалдауды ресімдеу автовокзалдардың (автостанциялардың) жеке кассаларында және жеке орналасқан билеттерді алдына ала сату кассаларында жүзеге асырылады.

Автобустардың шығатын күні билеттер бағыттың бастапқы мекендеріндегі автовокзалдардың (автостанциялардың) кассаларынан, ал аралық мекендерде - автобуста бос орындар бар-жоғы туралы ақпаратты алған бойда сатылуы тиіс.

Билет онда көрсетілген шығу күні мен автобус рейсіне ғана қолданылатын болады.

Билеттерді кезектен тыс сатып алу құқығы азаматтарға аумағында билет сатылатын мемлекеттің қолданылатын зандарына сәйкес беріледі.

15. Халықаралық бағыттағы автобустармен тасымалданатын жолаушылардың саны осы автобус моделі үшін жасаушы зауыт белгілеген санға сәйкес болады.

16. Халықаралық қатынастағы автобустың жүргізушісі мен жолаушыларында шекарадан өту құқығына тиісті түрде ресімделген құжаттары болуы тиіс.

17. Шекарадан өту кезінде жолаушылардың құжаттары, багаж, қол жүгі, валюта және құндылықтар аумағы арқылы тасымалдау жүзеге асырылатын мемлекеттің қолданылатын шекара және кеден зандарының талаптарына сәйкес ресімделуі тиіс.

18. Багаж тасымалдаушы оны багаж түбіртегін көрсеткен адамға тапсырған жағдайда жолаушыға берілген деп есептеледі.

19. Егер багаж түбіртегі болмаса, тасымалдаушы осы багаждың тиесілігін дәлелдеген тұлғаға багажды беруге құқылы. Егер багажды түбіртексіз алуға талап қойған тұлға оған багаждың тиесілігінің дәлелдемелерін жеткіліксіз ұсынса, тасымалдаушы одан тиісті кепіл енгізуі талап етуге құқылы, кепіл енгізілген күнінен бір жыл өткен соң қайтып беріледі.

20. Автобус соңғы мекенге келген бойда талап етілмеген багаж, оған багаж түбіртегі берілді ме, жоқ па қарамастан, жауапты сақтауға тапсырылады, сол үшін жолаушыдан багажды алған кезінде ақы алынады. Тасымалдаушы багажды сақтауды үшінші тұлғаға тапсыруы мүмкін, үшінші тұлға оны сақтағаны үшін сыйақы алуға к ұ қ ы л ы .

Багажды сақтау тәртібі сақтау жүзеге асырылатын мемлекеттің қолданылатын зандарымен реттеледі.

21. Жолаушының беру туралы арызы түскен күннен бастап он төрт күн ішінде жеткізіп берілмеген багаж жоғалған деп есептеледі.

22. Егер жоғалды деп есептелген багаж жолаушы беруді талап еткен күннен бастап бір жылдың ішінде табылса, тасымалдаушы осы туралы жолаушыға хабарлайды. Хабарландыру алған күннен бастап отыз күннің ішінде жолаушы багажды не шығу мекеніне, не бару мекеніне жеткізуі талап ете алады.

### **III. Жолаушының міндеттері мен құқықтары**

23. Халықаралық автобус тасымалдарын жүзеге асыру кезінде жолаушы мыналарға міндетті:

билет сатып алуға және тасымалдаушы белгілеген жол жүру құнына сәйкес багаж тасымалына ақы төлеуге, билетте белгіленген орынға отыруға, билетті салардың сонына дейін сақтауға және оны бақылаушы тұлғаларға көрсетуге;

автобусқа отыратын орынға осы мемлекеттің аумағында қолданылатын ережелерге сәйкес келуге;

аумағы арқылы халықаралық тасымалдау жүзеге асырылатын мемлекеттің шекарасынан өту үшін белгіленген ережелерді сақтауға;

багаж тұбіртегі болуға және өзінің багажы мен басқа мулкін қарау, сондай-ақ өзіне тиесілі заттар мен материалдардың үлгілері мен сынамаларын тиісті бақылау органдары жедел талдау үшін тандау кезінде жанында болуға.

#### 24. Халықаралық бағыттың жолаушысы мыналарға құқылы:

өзімен бірге автобуста жасы 5-ке толмаған бір баланы ақысыз, жеке орынсыз, жасы 5-пен 10-ның арасындағы баланы бір орын беріп, билеттің толық құнының 50 процентін төлеп, алып жүруге және жасы 10-ға толмаған екі және одан көп баланы алып жүргендегі олардың біреуі ақысыз, ал қалғандары жеке орын беріліп, билеттің толық құнының 50 процентін төлей отырып, тасымалданады;

қол жүгінің бір орнын ақысыз тасымалдауға, торларда ұсақ андар мен құстарды, жануарларды (ит, мысық) тасымалдаушы белгілеген ақыға, тасымалданатын жануарларды отырғызу кезінде жануар шығарылатын мемлекеттің малдерігерлік қызметі берген құжаттарды ұсына отырып, өзімен тасымалдауға;

көрсетілетін қызметтердің тізбесі, оларды көрсету шарттары және қозғалыс бағыты туралы уақтылы және анық ақпарат алуға;

халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жолаушының денсаулығына немесе оның багажына келтірілген залал үшін өтемақы талап етуге;

тасымалдаушылардан тасымалдау шартын орындауды талап етуге;

багажды тасымалдауға тапсыру кезінде оның құнын жариялауға.

Багаждың жарияланған құндылығының сомасын жолаушы жөнелтуші мемлекеттік ұлттық валютасында анықтайды және багаж тұбіртегінде көрсетеді.

Тұбіртек бүкіл тасымалдау уақытында және багаж бен оған тиесілі басқа мүлікті қарау уақытында сақталуы тиіс.

#### 25. Ж о л а у ш ы ғ а :

бос орын болмаған жағдайда;

багаж кеденге қатысты ресімделмеген жағдайда;

тасымалдауға тыйым салынған немесе номенклатура, салмақ не болмаса көлемдері бойынша белгіленген нормаларға сәйкес келмейтін багажды алып өтуге тырысқанда тасымалдауды орындаудан бас тартылуы мүмкін.

#### 26. Ж о л а у ш ы :

қозғалыс уақытында жүргізушіге кедергі жасауға немесе автобусты басқарудан оның назарын бөлүгे;

автобустың есігін толық тоқтағанға дейін ашуға;

билеттерге және басқа жол құжаттарына түзету енгізуге және оларды басқа жолаушыларға бөрүгө;

багажды отырғыштарда тасымалдауға; көзделген жағдайлардан басқа кезде, қажетсіз апаттық жабдықты пайдалануға күккісіз.

27. Жолаушы оның кінәсі бойынша келтірілген залал үшін, соның ішінде тасымалдаушыға тиесілі автобусты немесе жабдықты зақымдағаны не болмаса ластағаны үшін, сондай-ақ осы Жолаушыларды тасымалдау ережелерін бұзғаны үшін жауп береуді.

Өтемақы көлемі келтірілген залалдың шамасымен анықталады.

#### **IV. Тасымалдаушының міндеттері мен құқықтары**

## 28. Тасымалдаушы:

халықаралық қатынастығы билеттерді алдын ала сатуды қамтамасыз етуге; сапар алдында жүргізушіні бағытының сызбасымен таныстыруға және оған қозғалыс кестесін тапсыруға;

автобусты тиісті техникалық және санитарлық күйде уақтылы беруге;

жолаушыға тасымалдау шарты мен бекітілген кестеге сәйкес автобуста қауіпсіз, қолайлы сапарды қамтамасыз етуге;

жолаушыға тасымалдау шартында көзделген қосымша қызметтер көрсетуге міндетті

29. Тасымалдаушы мыналарға құқылы:

өзі болжамаған және барлық қабылдаған шараларға қарамастан алдын ала алмаған жағдайлар кезінде рейсті тоқтатуға құқылы. Бұл жағдайда тасымалдаушы билетті көрсеткеннен кейін жолаушыға оның құнын, сондай-ақ жолаушы ақысын төлеген қосымша қызмет көрсетулердің құнын қайтарады. Сонымен қатар жолаушы көтерген тиісті құжаттармен расталған және билетте көрсетілген сапардың басталу орнына оның қайтып келу мүмкіндігі мен одан ең арзан көлік құралымен кетуге байланысты шығыстары қайтаруға жатады. Билет құнын және ақысын төлеген қосымша қызмет көрсетулердің құнын жолаушыға қайтару шарттары Бірлескен қызмет туралы шартта анықталады;

эпидемия, табиғи апат немесе жойқын күш (форс-мажор) жағдайларында өз мемлекетінің аумағында халықаралық тасымалдарды шектеуге немесе тоқтатуға;

багаж түбіртегінде жолаушиның келісуімен багаждың немесе оның орамының күйі туралы белгі соғуға. Егер жолаушы белгіні растамаса, онда тасымалдаушы багажды тасымалдауға қабылдаудан бас тарта алады. Егер багажды тасымалдаушы белгісіз қабылдаса, багаж тиісті күйінде және тиісті орамда қабылданды деп есептеледі.

## V. Журғизушінің міндеттері мен күкіштартары

30. Халықаралық жолаушылар тасымалдарын орындайтын автобус жүргізушісі мыналарға міндетті:

Жол қозғалысы ережелерін, автобусты техникалық пайдалану ережелерін, лауазымдық нұсқаулықты басшылыққа алуға және диспетчер қызметінің жедел

нұсқауларын орындауға;

аумағы арқылы халықаралық тасымалдау жасалатын мемлекеттің шекаралық, кедендік, санитарлық-карантиндік және басқа бақылау түрлерінің ережелерін сақтауға;

көлік құралының тіркеу құжаттары және 1968 жылғы 8 қарашадағы Жол қозғалысы туралы конвенцияның талаптарына жауап беретін жүргізуі қуәлігі болуға;

жолаушыларды шекарадан өту кезінде бақылаудан өткізу үшін ұйымдастыруға, уақтылы хабарландыруға және дайындауға құқылы;

шекарадан өту кезінде тексеруге мыналарды көрсетуге:

а) тұрақты тасымалдар кезінде:

жүргізуі қуәлігін, жол парагын, билетті есепке алу құжаттамасын, рұқсаттың түпнұсқасын, автобус қозғалысының кестесін, лицензияны, Мемлекеттік шекарадан өту құқығына құжаттарды;

б) оқтын-оқтын тасымалдар кезінде: жүргізуі қуәлігін, жол парагын, лицензияны, оқтын-оқтын тасымалдауға арналған рұқсатты (егер осы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімде көзделсе), мемлекеттік шекарадан өту құқығына құжаттарды;

халықаралық автомобиль тасымалдарын орындайтын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты келісімге сәйкес жүргізуінің жұмыс режимін растауға;

белгіленген бағыт бойынша жүргізу және автобустың қозғалыс кестесін орындауға;

жолаушыларды отырғызу уақытында жүру және багажды тасымалдау билеттерінің бар-жоғын және сәйкестігін тексеруге;

тасымалдауға арналған багажды қабылдауға және орналастыруға, жолаушыларға кестеде көзделген аялдамаларда багажды беруге;

аялдамалардың аттарын және оларда тұру уақытын жариялауға;

халықаралық тасымалдарды бақылау құқығы бар тұлғалардың белгісі бойынша автобусты тоқтатуға, олардың нұсқауларын орындауға және бақылау жүргізуде көмек көрсетуге;

отырғызуды (түсіруді) көлік құралы тоқтағаннан кейін тек отырғызу алаңынан, ал ондай алаң болмаған жағдайда - тротуардан немесе жолдың шетінен жүзеге асыруға. Егер бұл мүмкін болмаса, онда бұл қауіпсіз және басқа қозғалысқа қатысушыларға кедергі жасамайды деген шартпен жүріс бөлігі жағынан;

жол-көлік оқиғасы жағдайында мүмкіндігінше жапа шеккендерге көмек көрсетуге және болған жағдай туралы тиісті билік органдарына хабарлауға;

алғашқы медициналық көмекті қажет ететін жолаушыға оны көрсету, сондай-ақ жақын жердегі кезек күттірмейтін көмек көрсету пунктіне жеткізу шараларын қабылдауға. Егер жолаушы сапарды ауру салдарынан тоқтатса, оның багажы осы Жолаушыларды тасымалдау ережелерінің 20-тармағында көзделген тәртіппен сақтауға

тапсырылады;

қозғалысты автобустың есіктері толық жабылғаннан кейін бастауға және оларды аялдамаларда ғана ашуға құқылы.

### 31. Жүргізуши мыналарға құқылы:

тасымалдау шартын бұзған немесе өзінің тәртібі, ауруы және жанындағы жолаушыларға қауіп тәндіретін басқа себептердің салдарынан жолаушыны сапарға жібермеуге немесе жақын жердегі аялдамада түсіруге;

жолаушыдан оның міндеттерін орындаудын талап етуге;

багаж түбіртегі көрсетілмесе, багажды бермеуге;

автобус пен багажды қарау уақытында жанында болуға.

### VI. Төлемдерді қайтару

32. Автовокзалдың (автостанцияның) кассасына халықаралық қатынастағы автобустың шығуынан екі сағат бұрын билетті қайтарғанда, жолаушыға билетті алдын ала сатқаны үшін алуға көзделген алымды алып қалып, билеттің құны қайтарылады. Билетті осы мерзімнен кеш, бірақ қозғалыс кестесінде көзделген автобустың шығу уақытынан 15 минут бұрын тапсырған кезде жолаушыға билеттің тасымалдаушы анықтайтын мөлшердегі құны қайтарылады.

Билетті жоғалтқан жағдайда жолаушы автобусқа отырғызуға жіберілмейді, билет құны қайтарылмайды, көшірмесі берілмейді, талаптар қабылданбайды.

33. Егер бір мемлекеттің тасымалдаушысы екінші мемлекеттің аумағы арқылы өту уақытында қандай да бір себеппен қозғалысты жалғастыра алмаса, онда осы мемлекеттің Халықаралық автомобиль тасымалдаушылары қауымдастыры көрсетілген автобус жүргізушиңің өтініші бойынша тасымалдаушы есебінен осы автобус жолаушыларын қажетті бағытта жөнелту мүмкіндігі бар жақын жердегі мекенге тасымалдауды үйимдастыруға қажетті көмек көрсетеді.

Тоқтауға мәжбүр болған жағдайда және жолаушыны бару орнына жеткізу мүмкіндігі болмағанда, сондай-ақ егер жолаушы ауру немесе кездейсоқ жағдай салдарынан сапарды тоқтатса, сынған немесе мәжбүрлі тоқтау орнынан соңғы бару мекеніне дейінгі қашықтықты есептей отырып, жол ақысы және багажды тасымалдау құны (комиссиялық алымнан басқасы) оған қайтарылады, бұл Бірлескен қызмет туралы шартпен реттеледі.

34. Жолаушы автобус рейске шыққанға дейін кассаға билеттерді қайтаруға және алдын ала сатылған билеттер бойынша алымдарды қоса толық жол ақы құнын алуға м ы н а ж ағ д а й л а р д а құқылы:

автобус қозғалыс кестесінде көзделген уақытпен салыстырғанда рейске бір сағаттан артық кешіккенде;

жолаушыға билетте көзделгеннен төмен кластағы орын берілгенде.

Жолаушы төменгі кластағы автобуспен жүргүгө келісім берсе, оған билет құнындағы айырмашылық қайтарылады.

Егер кестеде көзделген автобустың орнына басқа жүру құны қымбатырақ автобус келсе, осы туралы жарияланғанға дейін билет сатып алған жолаушылар осы билеттер бойынша қосымша ақы төлеусіз жүргуге құқылы.

Автобус үлгісін ауыстыру туралы хабарланған сәттен бастап билеттер жолаушыларға тиісті ескерту жасай отырып, белгіленген жоғары тариф бойынша сатылады.

Билет сатып алғанған автобустың шығу уақытынан үш сағаттай кешіккен жағдайда, ауырған немесе кездейсоқ жағдай салдарынан үш тәулік ішінде жолаушы билет құнының 25 процентін төлей отырып, жол құжаттарын қалпына келтіруге немесе билет құнының 25 процентін алғып қалумен жолақы құнын қайтып алуға құқылы.

#### Ақшаны қайтады:

билетті сатқан немесе жеткізіп берген билетті алдын ала сататын кассалар - автобус рейске шыққанға дейін бір күнтізбелік тәулік (18 сағатқа дейін) ішінде;

бастапқы бағыт мекені автовокзалдың (автостанцияның) ағымдағы билеттер сату кассалары - автобус рейске шығатын күні жүзеге асырады.

### **VII. Жолаушылар мен багажды тасымалдауды бақылау**

35. Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды халықаралық тасымалдау кезінде тасымалдауды бақылау халықаралық автомобиль қатынасы туралы екіжақты үкіметаралық келісімдердің және аумақтары арқылы тасымалдар жүзеге асырылатын мемлекеттердің ұлттық зандарының негізінде жүзеге асырылады.

36. Осы Жолаушыларды тасымалдау ережелерін бұзғаны үшін тасымалдаушылар мен жолаушылардың жауапкершілігі 1997 жылғы 9 қазанды Жолаушылар мен багажды халықаралық автомобильмен тасымалдау туралы конвенцияда, халықаралық автомобиль қатынасы туралы көптарапты және екіжақты үкіметаралық келісімдерде, сондай-ақ аумақтарында бұзу жасалған мемлекеттің ұлттық зандарында көзделеді.